**"Имашев" көмірсутек шикізаты кен орнын ресей тарапымен бірлесіп игеру бойынша ұсыныстар әзірлеу жөнінде жұмыс тобын құру туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 29 желтоқсандағы N 376-ө Өкімі

"Имашев" көмірсутек шикізаты кен орнын ресей тарапымен бірлесіп игеру бойынша ұсыныстар әзірлеу мақсатында:

1. Мына құрамда жұмыс тобы құрылсын:

Ізмұхамбетов Бақтықожа Салахатдинұлы - Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрі, жетекші

Ақшолақов Болат Оралұлы - Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар вице-министрі, жетекшінің орынбасары

Смайылов Әлихан Асханұлы - Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі, жетекшінің орынбасары

Тәшенов Жоламан Әбекешұлы - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі Жер қойнауын пайдаланудағы тікелей инвестициялар департаментінің жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттар жасасу және жер қойнауын пайдалану мониторингі басқармасы бастығының орынбасары, хатшы

Бөлегенов Ерғали Бөлегенұлы - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы департаментінің директоры

Тәутеев Әуесбек Зпашұлы - Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі Экологиялық реттеу департаментінің директоры

Айтмұхаметов Данияр Айтмұхаметұлы - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Халықаралық құқық, мемлекеттің мүліктік құқықтарын қорғау, шарттар және талап қою-қуыну жұмыстары департаменті директорының орынбасары

Имашев Тимур Есенғалиұлы - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Газ

өнеркәсібі департаменті директорының орынбасары

Үшкемпірова Айгүл Мәулетқызы - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Жер қойнауын пайдаланудағы тікелей инвестициялар департаменті директорының орынбасары

Назаралы Жақсылық Күзембайұлы - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті геологиялық зерделеу және жер қойнауын пайдалану басқармасының бастығы

Досмұратова Нұргүл Ғинаятоллақызы - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті энергия ресурстарын кедендік бақылауды ұйымдастыру басқармасының бастығы

Омарова Бақытжамал Жәкенқызы - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің Салық саясаты және болжамдар департаменті жер қойнауын пайдаланушыларға салық салу басқармасының бастығы

Оразалина Қазкен Назымбекқызы - Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Табиғатты қорғауды бақылау комитеті бақылау қызметін бағалау мен жобалау басқармасының бастығы

Оглов Вадим Валерьевич - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Төтенше жағдайларды және өнеркәсіптік қауіпсіздікті мемлекеттік бақылау комитеті төрағасының орынбасары

Байбағұлов Сәдуақас Нағметоллаұлы - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитеті санитарлық-гигиеналық бақылау бөлімінің бастығы

Ерғожин Дәулет Еділұлы - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті мамандандырылған бөлімінің бастығы

Ысмайылова Айнагүл Есімқызы - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің

Салалық органдардың шығыстарын жоспарлау департаменті өнеркәсіп және құрылыс бөлімінің бастығы

Молдыбаев Орынбай Ахметұлы - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі Мұнай өнеркәсібі департаментінің мұнай жобаларының мониторингі және нормативтік -техникалық саясат басқармасы мұнай өндіруді және мұнай кен орындарын игеруді бақылау бөлімінің бастығы

Мағауов Әсет Маратұлы - "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының бірлескен кәсіпорындардағы үлестерді басқару жөніндегі басқарушы директоры

Ерешев Дияр Елтайұлы - "ҚМГ-Консалтинг" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бас сарапшысы

2. Жұмыс тобы үш ай мерзімде "Имашев" көмірсутек шикізаты кен орнын ресей тарапымен бірлесіп игеру бойынша ұсыныстар әзірлесін және Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін.

*Премьер-Министрінің міндетін атқарушы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК